

# МУРАТБАЕВ NEWS



«5-6  
СЫНЫП  
ОҚУШЫЛА  
РЫНА  
АРНАЛҒАН  
“АЛТЫН  
САҚА”  
ОЛИМПИА  
ДАСЫНЫҢ  
МЕКТЕПШІ  
ЛІК КЕЗЕҢІ  
ӨТТІ.

ГИМНАЗИЯДА  
“25 ҚАЗАН -  
РЕСПУБЛИКА  
КҮНІ” ҰЛТТЫҚ  
МЕРЕКЕСІНЕ  
АРНАЛҒАН  
“МЕНИҢ ОТАНЫМ  
- МЕНИҢ  
МАҚТАНЫШЫМ!”  
ТАҚЫРЫБЫНДА  
МЕКТЕП  
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ  
САЛТАНАТТЫ  
ЖИЫНЫ ӨТТІ.

5 қазан -  
Мұғалімдер күні

Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық қылған жалықпас,  
Үйретуден балаға.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ



# ҰСТАЗЫМ - ҰЛАҒАТЫМ, ҮЛГІ ӨНЕГЕМ



Халықаралық мұғалімдер күні мерекесіне орай Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының физика пәні мұғалімдері Сейдибаев Канат

Шакиралиевич, Удéroва Куралай Чапигуловна, тарих пәні мұғалімі Курманбаева Нуржамал Ережепбаевна, математика пәні мұғалімі Примкулова Гаухар Секеновна, бастауыш сынып мұғалімдері Диханбаева Жанаркул Шабденбековна мен Хожахмедова Маржан Баймуратовна «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды. Әріптестерімізді жоғары деңгейдегі марапаттарымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!



# «АЛТЫН САҚА» ОЛИМПИАДАСЫ

3-4 сынып оқушыларына арналған “Алтын сақа” олимпиадасының мектепшілік кезеңі өтті.

«Алтын сақа» олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу ереже талаптары қатаң сақталды. Олимпиада барысы мектептің ютуб арнасында <https://youtube.com/live/ziWptd10djc?feature=share> тікелей көрсетілді.

Олимпиада қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған 6 оқушы:

Рысбек Мерей - II орын

Коршунов Данила - II орын

Талғатбек Сабина - III орын

Есен Айсұлтан - II орын

Сағымбай Наурызбек - II орын

Сейтгазы Жанарыс - III орын иеленіп аудандық кезеңге жолдама алды.

Аудандық кезеңге өткен оқушыларымызға сәттілік тілейміз!





# 1-ҚАЗАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ



"Қартын сыйлаған елде қасиет бар, олар айтқан сөзде өсиет бар" - деп дана халқымыз ежелден қариясын сыйлаған.

Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында 1 қазан Халықаралық қарттар күніне орай "Қарттарым-асыл қазынам" атты іс - шара өткізілді.

Төле би көшесі 53 үйде тұратын Малгелдиева Әтіргүл жалғыз ілікті апамыздың үйіне арнайы "Жас Ұлан" ұйымының еріктілері барып, хал-жағдайынан хабардар болып, 1 қазан Халықаралық қарттар күнімен құттықтап, апамызға, барынша жылы лебіздерін айтып, сый-сыяпат беріп, құрмет көрсетіп қайтты.



Қайырымдылық іс-шарасы барысында апамыз өз ризашылығын білдіріп, жылы лебізін білдірді.



# ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында гимназиямызда құқықтық кеңес отырысы өткізілді. Гимназия директоры Арыстанбек Қалыбекұлы, аудандық ПБ ЖПБ ЮПБ инспекторы Азат Қанатұлы, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары мен директордың құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологі қатуысуымен “Құқықтық кеңес” отырысы өтті.


Күн тәртібінде:

-Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу заңнамаларымен таныстыру

-Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мақсатында сауалнама қорытындысымен танысу

-Түрлі мәселелер

Құқықтық кеңес отырысын қорытындылай отыра оқушыларға құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында жобалық жұмыстар арқылы қалыптастыру.



# "ТУҒАН ЕЛІМ ҚАЗАҚСТАН" ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР КЕШІ

Әншуақ қазақ тіліндегі балалар әндерінің фестивалі.

Фестивальдің мақсаты: Музыка арқылы балалардың мәдени және тілдік білімдерін байыту мақсатында қазақ тіліндегі әндерді насихаттау және тарату.

"Әншуақ" қазақ тіліндегі балалар әндерінің фестивалі аясында Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының 4-6 сынып оқушылары арасында "Туған елім Қазақстан" патриоттық әндер кеші өткізілді. Концерт барысында талантты оқушылар туған жерге деген сезімдерін әнмен жеткізді.



# МЕРЕЙІ ҮСТЕМ МЕРЕКЕ!

2024 жылдың 23-ші қазан күні гимназияда “25 қазан - Республика күні” ұлттық мерекесіне арналған “Менің Отаным - менің мақтанышым!” тақырыбында мектеп оқушыларының салтанатты жиыны өтті.


Жиында оқушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындады. Сонымен қатар, құттықтау сөздері айтылып, озат оқушылар мерекелік алғыс хаттармен марапатталды!





# СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ

Сәкен Сейфуллин - қазақ халқының көрнекті ақыны, жазушысы және мемлекет қайраткері. Оның шығармалары ұлттық мәдениетіміздің дамуына зор үлес қосты. Осыған орай оқушыларға Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат беру, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін талқылау және тарихи тұлғаның ұлттық сана мен әдебиеттегі ролін ұғындыру мақсатында Күдериева Бақыт Жақсылыққызы мен Трусбаева Еңлік Сәкенқызының ұйымдастыруымен 9-10 сыныптар аралығында "Сәкен Сейфуллин және қазақ мәдениеті" атты пікір алмасу өткізілді.



# «ХАЛҚЫ СҮЙГЕН ҚАЛАМҒЕР» АТТЫ ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ КЕШІ

Б. Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай 11 қазан күні 3-сыныптар арасында «Халқы сүйген қаламгер» атты әдеби-танымдық кеш өтті. Іс-шараға оқырман ата-аналар мен оқушылар Б. Соқпақбаевтың «Менің атым-Қожа» шығармасымен танысып келді. Оқырмандар экранда берілген сұрақтарға жауап беріп, айшықты ойларың жеткізіп, белсенділік танытты.



# «ОҚУҒА КҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Ұмтылып еді, астындағы жануар қорс етіп, лоқып қалды. Аяғын үзеңгіден ептеп сырғытып, сыбдырын ұрлап, жұмсақ шөпті жапыра басып, жерге түсті. Атын артқы қасына қайқита қаңтарып, қыл шылбырмен тұқырта тас қылып ұстап, үш атты матастырды да, қотанға кіретін епті қасқырша бүкендеп адымдады. Қарауытқан, қара жамылған ауылдың иті ұлып тұр. Бес-алты адым аттады ма, жоқ па, әлде шөптің, әлде шүберектің сыбдырындай судыр еткен бір дыбысты құлағы шалып қалды. Енді бір басып еді - аяқ асты қарауытқан шұқыр болды. Шұқыр түбінде бірдеңе ағараңдаған тәрізді, қимыл етті. - Ағатай-ай! - деді біреу ышқына сыбырлап. - Ақбілекпісің? - деді әлгі адам біліп қойғандай. - Мен едім, құтқар, ағатай, - деп апанның ернеуіне таман өрмелеп еді. - Құтқарам. Бұқ. Жата тұр, - деді де, қазақ қалбалаңдап жоқ болды. Екі қолы алдына созулы Ақбілек қалшиып қалды.



Ж.Аймауытов. «Ақ білек»